

**Қарағаш ауылдының №28 негізгі орта мектебі КММ-де 2022-2023 оку
жылында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары туралы
анықтама**

№28 негізгі орта мектебі КММ-де оқушылардың құқыктары мен еркіндіктері, оларды сақтау мен қорғауға бағытталған жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу кенесі құрылған. Оқушыларға құқықтық тәрбие беруді қамтамасыз ету мазмұнындағы құқықтық тәрбие білім беру жүйесінің заманауи бөлігі және басым бағыты болып табылатындықтан олар қоғам, ел өміріне саналы түрде және өз бетімен қатысуға міндетті. Сондықтан мектеп әкімшілігі оқушылар мен мұғалімдерді, ата-аналарды құқықтық нормативтік құжаттармен таныстыруды басты мақсат етіп қойған.

Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілер, ата-аналар кенесі мен қамкоршылық кенестері бірлесе отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын үнемі жүргізіп отырады. 2002 жылдың 08 тамызындағы №345-II Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы» Занын (2004 жыл 29 желтоқсанында өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы КР 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 занын, және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» КР 2009 жылғы 4 желтоқсанындағы №214 занын басшылыққа аламыз.

Құқықтық тәрбие беруде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, инспектор бірлесе отырып жұмыс жүргізеді. Жұмыстың негізгі мазмұны - оқушылардың сабактан себепсіз қалмауын бақылап, журналға тіркеу, оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу, ата-аналармен үнемі байланыста болу, психологиялық-педагогикалық кенестер өткізу және келіспеушілік іс-әрекеттерін түзету тренингтерін жүргізу, мектепішілік шараптарға қатыстыру, үйірме, секцияларға тарту болып табылады. Сонымен қатар жасөспірімдердің отбасында және өз қатарластары арасында өзін-өзі ұстau ережелер мен жадынамалар жасап, үнемі жеткізіп отыру жұмыстары жүргізіледі.

Мектеп медбикесімен бірлесе отырып, медициналық көмек беру жұмыстары да жүргізіледі. Мысалы, қалыпты көніл қүйден ауытқу жағдайларын қарау, психофизиологиялық және ашуланшақтық сипаттың себептерін анықтау, жыныстық тәрбие беру, нашақорлықтың алдын алу, оқыту жұмыстары өткізілді. Ал педагогикалық көмек беру мақсатында әр жасөспірімнің өзін тұлға ретінде қалыптастыру үшін жағдай жасау, білім алуларына толық жағдай тудыру, жетістіктерге жету үшін жағдай жасай отырып, мадақтау т.б. жұмыстар жүргізілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы Ережені басшылыққа ала отырып, оның мақсат-міндеттері, түрлері мен мазмұны оқушылар мен мұғалімдерге, ата-аналарға таныстырылды.

Кұқық кеңесінің мүшелерінің функционалдық міндеттері айқындалған, жұмыс жоспары бойынша санитарлық талаптарды сақтай отырып жүргізілді.

Окүшылармен мектепте және қоғамдық орындардағы тәртіп нормалары туралы әңгімелер жүргізіледі. Сонымен қатар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық, қараусыздық пен панасыздық жағдайын зерттеу, әр тоқсан сайын әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қызын өмірлік жағдайға тап болған отбасындағы балаларды анықтау мақсатында рейдтер өткізілді. Мектепішілік және аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушылар жоқ.

Мектеп психологи оқушылардың жеке қасиеттерін анықтау бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізді. Салауатты өмір салтын насиҳаттау мақсатында да жұмыстар жүргізіліп отырды. Жасөспірімдердің бос уақытта іс-шараларға, үйірмелер мен секцияларға қатысуы бойынша мониторинг жүргізілді.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы туралы баптар тәрбие сағаттарында арнай тақырыптар бойынша өткізіліп, таныстырылды.

Мектеп психологи кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуына, қылмыс жасауына, құқық бұзуына, қоғамға қарсы іс-әрекет жасауына себеп болған жағдайларды анықтау және алдын алу жұмыстары бойынша тренинг өткізді. Ауылдық полиция қызметкерімен кездесу өткізіліп, жасөспірімдерге құқыққа қарсы әрекеттері үшін жауапкершілігі, балалар агрессиясы, оның себеп-салдары, балаларға қатығез қарым-қатынас үшін жауапкершілігі және әлеуметтік нормалар мен бейәлеуметтік мінез-құлық (қылмыс, нашақорлық, маскүнемдік) жағдайлары айтылды.

Алдағы уақытта да оқушыларға құқықтық тәрбие беру арқылы олардың әр түрлі қылмысқа ұрынбауына, келенсіз жағдайлардан тартынуына, қоғамға, өзіне пайдалы істермен шұғылдануына байланысты жұмыстар жүргізіле береді.

Дайындаған: Алиманова Қ.Қ.